

TUR.17.KZ - 2020. - 10 шілде

А.Күрішбаев, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы

ТҰЛҒА БИІГІ

Ауыл шаруашылығы саласының ардагері, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне реформалау және дамыту жөніндегі бас сарапшы, «Құрмет» орденінің иегері Төлеухан Мұратханұлы Нұрқиянов жетпіс жасты еңсеріп отыр.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны болады. Алайда еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған белес, жеткен биік, кешкен асу әркімнің өмірінде түрлі болмақ. Оны сырт көз, әрине, өзінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – адами келбет, азаматтық тұлға. Төлеухан Мұратханұлы – алдымен адами келбеті жарқын, көңілі ашық, пейілі дариядай, жүктелген міндетті мүлтіксіз іске асыратын білікті басшы, ұстанымы мықты тұлға. Оның бойындағы терең білім мен қуат, рухани әрі берік жігері ел игілігі үшін атқарған еңбегінің жемісті жолын қалыптастырды.

Мерейтой иесінің бар саналы ғұмыры ауыл шаруашылығымен байланысты. «Тиянақты білім алып, елімнің бір қажетіне жарасам» деген арманы асқақ жастың таңдауы мал дәрігерлік мамандығы болды. Қолға алған ісін тиянақтау, аяғына дейін жеткізу, қалың қауыммен тығыз байланыста болу, шапшаңдық, кеңесшілдік, туралық және әділ мінезімен өз ортасында жарқырай көрінген азаматқа аса маңызды жұмыстардың жауапкершілігі жүктелді. 1972 жылы Семей мал дәрігерлік институтын бітіріп, Сарқан ауданына қарасты Энергия колхозында мал дәрігері маманы ретінде еңбек жолын бастады. 1974-1977 жылдары Талдықорған облыстық комсомол комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1979-1983 жылдарда Талдықорған облыстық комсомол комитетінің хатшысы болды.

Төлеухан Мұратханұлы – ауылшаруашылық саласын көтерумен қатар еліміздің іргелі мемлекет болып қалыптасуына қызмет еткен ұлтжанды қайраткер, жасампаз, елжанды тұлға. Бұл бағытта 1983-1987 жылдары Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының көмекшісі қызметін атқарды. 1987-1996 жылдар аралығында Талдықорған облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, Талдықорған облыстық әкімшілігінде бөлім меңгерушісі, облыс әкімінің орынбасары болып қызмет атқарды. 1997-1998 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті

әкімшілігінде мемлекеттік инспектор және бөлім меңгерушісінің орынбасары болды. 1998-2012 жылдарда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі, министрдің орынбасары, министрдің кеңесшісі қызметтерін атқарды.

«Адамгершілік – адами тұлғаның алтын қазығы» деген сөздің түп мағынасы терең. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, отбасын сүйуге, елге адал қызмет атқаруға үйретеді. Әсте,біз – халқымыздың ғибраты мол мектебіненсусындаған, аталар сөзімен өсіп-өнген, даналар өсиетінен тәрбие алып, ұлылар өнегесіне тағзым еткен халықтың ұрпағымыз. Осы ұстанымды өмірінің ұраны, бағыты әрі бағдары ете білген, елге еңбегі сіңген, халқына қалтқысыз қызмет еткен, адамгершілігі мен парасаты жоғары азаматтың бірі – Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге мол үлес қосқан, мемлекет және қоғам қайраткері Төлеухан Мұратханұлы.

Т.Нұрқияновтың ел ертеңі үшін белсенді қызмет атқарған уақыты қайта құру кезеңімен тұспа-тұс келді. Тәуелсіздік жылдары аграрлық саланың біртұтас жүйесін қалыптастыру үшін, өңірлік институттар ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселені шешу науқанына тартылған болатын. Сындарлы кезеңде Төлеухан Мұратханұлы Талдықорған облысында жаңадан құрылған ғылыми-зерттеу институтымен байланыста маңызды жұмыстардың бастамашысы болды.

Маман ретінде Талдықорған облысы агроөнеркәсіп кешенінің ғылыми-өндірістік орталықтарын Қазақ ауыл шаруашылығы академиясымен және өңірлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп өндіріс пен ғылымды біріктіру мәселесі жөніндегі бастаманы 1994 жылы алғашқылардың бірі болып қолдады. Қайта құру кезеңінде ел экономикасын нарыққа бейімдеу және «Мемлекеттік меншікті сатып алу және жекешелендіру» ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру жұмысының алдыңғы қатарында Төлеухан Нұрқиянов жүрді.

Төлеухан Мұратханұлының аймақтағы ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын сақтау, нарық талабына сәйкесөндірушімен қарым-қатынасты жаңғырту, әрөңірдің фермерлік шаруашылығын жекешелендірубағытындағы белсенді жұмысы отанға дегенадалдығын көрсетті.

Фермаларды жекешелендіру, яғни ұжымдық меншік пен жерді бөлу науқаны жергілікті жердегі жағдайды ескере отырып, тиімді шешім табу жолы білім ғана емес, біліктілікті талап еткен қиынжұмыс болды. Осы кезеңде Төлеухан Мұратханұлыбасшылығымен өңірлік мекеме қызметкерлерінен іріктеліп алынған мамандар тобы құрылып, аудандағы

жекешелендіру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, фермерлерге кеңес берілді. Төлеухан Мұратханұлы жекешелендіру науқаны сәтсіздікке ұшырамауы және қоғамдық игілікке айналуы үшін барлық күш-жігерін жұмсады. Ақылға қонымды шешім қабылдап, экономика, қайта өңдеу өнеркәсібі мен ұжым мүддесінің арасындағы кейбір мәселені оңтайлы шеше алды. Білімділік пен даналық, байсалдылықты бойына дарыта білген Төлеухан Мұратханұлы аймақтағы жетекші фермерлік шаруашылықтарды жекешелендіру науқанын қажырлылығы мен табандылығы арқасында байыппен әрі батылдықпен жүзеге асыруға атсалысты.

«Кооператив құру арқылы ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын көтеру» жобасының авторы Төлеухан Мұратханұлы екенін бірі білсе, бірі біле бермейді. Оның ауыл шаруашылығын нарықтық экономикаға айналдыру жөніндегі батыл да ынталы жұмысы Ауыл шаруашылығы министрлігі қызметкерлерінің әсте есінде.

Ауыл шаруашылығы саласында жасалған көптеген жұмыстың ішінен мал шаруашылығының дамуына әкелген заңнамалық барлық тетік Төлеухан Мұратханұлы басшылығымен жүзеге асырылды. «Ветеринарлық медицина туралы», «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» заңдар әзірленіп, қабылданды. Бұл заңдар — сол уақытта қабылданған құжаттардың бірі. Аталмыш заңдарды толық іске асыру үшін, қажетті құқықтық барлық қағидат пен ереже әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Сол уақыттағы елдің экономикалық ахуалы барлығымызға белгілі. Осы кезеңде Төлеухан Мұратханұлы шаруашылықтың күрделі проблемаларын шешуде инновацияны, яғни елде әлі таныла қоймаған «форвардтық» әрі «фьючерстік» мәміле қағидатын енгізді.

Бүгінгі таңда елімізде асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын тек екі мекеме бар: біреуі — Талдықорғандағы «Асыл» мал тұқымын асылдандыру орталығы, екіншісі – «Асыл-Түлік» республикалық орталығы. Аталған екі мекеменің де жұмысын кезінде Төлеухан Мұратханұлы басқарған еді.

Төлеухан Мұратханұлы мал шаруашылығы саласындағы әртүрлі тәжірибені талдай отырып, өткенді қайталамай, жаһандану үдерісіне сәйкес келетін жүйені құру бағытында жұмыс істеді. Ол – сыртқы технологияның бәрі табысқа әкеле бермейтінін жете түсінген маманның бірі. Алысты болжаған менеджер ретінде ұлттық деңгейде, нарықтық сұранысты ескере отырып, мал шаруашылығы өндірісіне көптеген жаңа тәсілді алып келді. Олар — Құс шаруашылығы саласындағы «Астана Құс» құс фабрикасы

мен Республикалық мал шаруашылығы «Асыл Түлік» орталығы. Посткеңестік кезеңде «Асыл Түлік» мұздатудың жаңа технологиясын (IMV француз фирмасының әдісі) ұсынды, бұқашық ұрпағының сапасын бағалаудың қазақстандық тәсілін әзірледі және геномдық технология негізінде бұқашықты ерте анықтау сияқты бірқатар жаңа технологияны енгізді.

Ата-бабамыздың «білім – таусылмайтын кен, ақыл – аздырмайтын ем» сөзін жалау етіп, оқу-білімге ұмтылып, ғылымды игеруге талпынып, ауыл шаруашылығын таңдаған қаншама жасқа Төлеухан Мұратханұлы айқын бағыт көрсетіп, үлкен өмірге жолдама бере білді. Шәкірттерінің рухани жетілуі мен іскерліктерін нығайтуына ұдайы қамқор болып, ізбасарларының білімі мен біліктілігін жетілдіруге ықпал жасады.

Т.Нұрқияновтың білім мен еңбекті ұштастыра білген тәлімі мол өмірі – кейінгі буын жастарға үлгі-өнеге. Ол бүгінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде жастардың сапалы білім алуына негіз болатын базалық платформаларды жасақтап, практикалық басымдықпен оқытудың маңызын насихаттап, оқу орнымызды заманауи бағытта өркендетуде орасан жұмыстар атқаруда. Дамыған елдердің тәжірибесімен білім ордамызды ғылыми-зерттеу университетіне трансформациялауда да тәжірибесі мол Төлеухан Мұратханұлының еңбегі зор. Ауыл шаруашылығы саласының білікті маманы ретінде ғылыми-зерттеу университетін құрудың уақыт талабы екенін дәлелдей отырып, оның құрамына аграрлық ғылыми-зерттеу институттарын және тәжірибелік шаруашылықтарды біріктірудің тиімділігін ғылыми негіздеуге үлес қосты. Бүгінде оқу орнымыздың құрамына 3 ғылыми-зерттеу институты берілді. Енді болашақ мамандарды даярлау үдерісі жаңа сапалық белеске көтерілетіні күмәнсіз. Сондай-ақ, Т.Нұрқиянов университетімізде цифрландыруды дамытып, аграрлық саланы инновациялық жолмен дамытуға күш салып жүрген білікті маман.

Қайратты азамат маңдай терін төгіп, тиянақты білім мен ыждағатты талабының арқасында биік белестерді еңсерді. Отбасынан жақсы тәрбие алып, мықты ұстаздардың алдынан өткен, тәжірибесі мол, талапты әріптесіміз Төлеухан Мұратханұлын мерейтойының қарсаңында халқы үшін аянбайеңбек етіп, ел экономикасының дамуына қосқан орасан үлесі үшін алғысымызды айта отырып, ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері және С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті басшылығы мен ұжымының атынан мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Алдағы жылдарда сәттілік өмірлік серігі, еңбегі жемісті, алар асулары мол болып, толағай табысқа жетуіне тілектеспіз!

Қадірменді де құрметті Төлеухан Мұратханұлы, бойыңыздан қуат, жүрегіңізден иман, отбасыңыз бен ағайын-туыс арасынан татулық кетпесін! Басыңыз аман, баурыңыз бүтін, төрт құбылаңыз тең, денсаулығыңыз мықты, ғұмыр-жасыңыз ұзақ болсын!